

Коммунизм туы 1957 г.

1. Лучшие чабаны колхоза «Освобождение».
Лучшая доярка, 30 января



СУРЕТТЕ: кояды жайып семіртуде, төл алуда үздік шыққан «Освобождение» колхозының озат шопандары (солдан оңға карай), Б. Тұрақанов, Ш. Мұқанов және И. Мазбаев жолдастар

Сауыншы енегесі

Партия мен үкімет ауыл шаруашылығының барлық өнбекшілеріне арнаған Удесінде сүт өндіруді омық әрі мейіттейтін сүт, сүт өнімдері және мал майы жөніндегі қаулыларын толық қанағаттандыруды қамтамасыз ететіндей жөндөулерде сүт өндіру үшін социалистік жарысты көңілімізге ерістетуге шақырамыз.

Бұл жолдағы күресте сауыншылар басты тұлға болып табылады. Әрбір колхоз бен совхоздың, ферманың сүт өндіру жөнінде белгіленген жоспарды мүлтіксіз орындауы, сайып келгенде, осы сауыншылардың жұмысына тығыз байланысты. Сауыншылар — осы күрметті мамандықтың иесі.

Облыстың колхоздары мен совхоздарында өздерінің қажырлы еңбегімен көпшіліктің құрметіне бөленіп жүрген сауыншылар аз емес. Солардың бірі — Самар ауданының Жамбыл атындағы колхозының сауыншысы Шайда Шаймерденова жолдас. Ол артықшылықпен сүт фермасында 12 жыл бойына үздіксіз еңбек етіп келеді. Шайда бұл мерзімнің ішінде өз мамандығын өбден меңгеріп алды, творчестволық өсті.

Шаймерденова жолдас — тек сауыншылар коллективі арасында емес, бүкіл колхозшылар арасында сыйлы адам. Ол бұл күрметке қоғамдық шаруашылыққа белсене қатысып, артель өндірісінде уақытпен санаспай еңбек етудің нәтижесінде не болып отыр. Шайданың тоғыз сүт фермасынан әр уақытта жөндөуіне болады. Әсіресе сыйырлар жаппай бұзаулай бастаған бұл күндері ол уақыттың көбіні фермада өткізеді. Әрбір сыйырдан жас төлді дұрыс қабылдап, зоотехникалық ережелерге сай күту үшін күші салады. Бұзаулаған сыйырларды алғашқы күнінен сүтті мол беруге дайындайды.

Жауапкершілік сезімімен адал еңбек ету, жаңалықты қолдануға ұмтылу сауыншы көрсеткішінің жылдан-жылға арта түсуін қамтамасыз етуде. Шаймерденова жолдасы осыдан біраз жыл бұрын сауған сүті мың литрдің айналасында болса, ол өткен жылы қарамағындағы 12 сыйырдың әрқайсысынан 1500 литрден сүт алып. Ол бұл көрсеткішке де қанағаттанмай отырған жоқ. Тәжірибелі сауыншының быйылғы жыл алға қойын отырған нысанасы — сыйыр басы 2200 литрден сүт сауу.

Көзір Шаймерденованың қарамағындағы сыйырлардың жетуді бұзаулады. Алынған төлдер түгелдей аман өсірілуде. Сыйырларға иен, концентрат, сүрлем жасалған рацион бойынша беріледі. Озат сауыншы быйылғы шаруашылық жылының алғашқы үш айында сауылып келген жеті сыйырдың 40 центнер сүт алды. Бұл өткен жылдың осы мерзімінен 13 центнер артық. Тәжірибелі сауыншы фермаға жұмыс істеуге келген жастардың өз мамандығын тез меңгеруіне жұмыс қажырлық жасап, көмектеседі. Шаймерденова жолдас баулыған жас сауыншы Қабдеева көзір озаттар қатарынан саналады.

Сүт сауу шеберліктерімен үздік шыққан атақты сауыншылардың — Киров ауданының Киров атындағы колхозынан М. Қосжанованың, Хрушев атындағы (Шемонаиха ауданы) колхозынан Н. Әзімбергеров, Н. Глушакова, Прогорный ауданынан М. Моголов атындағы колхозынан Л. Пидерс, Сталин атындағы артельден Ф. Федорова және басқаларының есімдері бүкіл облысымызға мәлім.

Облыстың колхоздары мен совхоздары быйылғы жылда екітәуір ұйымшылдықпен кірісті. Мал фермаларында мол, жем, сүрлем амағұрлым мол әзірленді. Сауыншылар шаруашылығын жүргізу мәдениеті жетілдіріле түстеледі. Көзір сыйырлар сүтті аз саууға себеп болар еңкеймей негізі жоқ. Мәселен сауыншылардың творчестволық белсенділігінен еңбек етудерінде, фермаларды зоотехникалық дәулетке үлгілі ұйымдастыруда болып отыр.

